



БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы - ректоры

« 11 »

А. М. Наметов

2022 ж.








### ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

СМЖ 07.БЕ.51

№ 01 - басылым

№ \_\_\_\_ дана

Дайындаған: 07.11.2022 ж.	Келісілді: 10.11.2022 ж.	Енгізілді: 14.11.2022 ж.
А. Б. Есенаманова 	Б. Ж. Сахиев  М. Ж. Алмагамбетова  Е. Б. Ихсанов  Е. К. Таскалиев 	СМЖ.07.БЕ.51 14.11.2019ж. орнына Қайта қаралуы: 14.11.2025 ж.

**Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер
2. Мақсаты мен негізгі міндеттері
3. Коворкинг орталығын басқару
4. Жұмыстарды ұйымдастыруы
5. Коворкинг орталығына келу ережесі
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Коворкинг орталығы (бұдан әрі КО) – білім алушылардың бірігіп ұжымдық жұмыс жасауына, түрлі шаралар өткізуге және жеке дара жұмыс жасауына жағдай туғызатын орны.

1.2. Коворкинг орталығы «Парасат» ақпараттық білім беру орталығында орналасқан және өз қызметіне қажетті мебелмен, компьютермен, ұйымдастыру техникаларымен, ағымдағы мерзімді басылымдармен қамтылған. Пайдаланушыларға қолайлы жұмыс жасауда интернет желісін тегін WI-FI арқылы ұсынады;

1.3. Коворкинг орталығы үш аймақтан тұрады: бірлескен жұмыс аймағы, жеке жұмыс аймағы, тренингтер мен таныстырымдар өткізу аймағы

1.4. Коворкинг орталығы өз қызметінде ҚР-ң «Білім туралы» заңын, ҚР ҒжЖБМ нормативті құжаттарын, университет Жарғысын, ректордың бұйрықтарын, менеджмент жүйелерінің ішкі құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Мақсаты мен негізгі міндеттері**

2.1. Коворкинг орталығының мақсаты – білім алушыларды жеке және бірлескен ұжымдық жұмысында шығармашылық идеяларын, жобалық қызметтерін қолдауға және жан-жақты жұмыс істеулеріне қолайлы жағдай жасау, түрлі іс- шаралар ұйымдастыру.

2.2. Негізгі міндеттері:

2.2.1. Білім алушылардың шығармашылық идеяларын, жобалық қызметтерін дамытуға көмек көрсету;

2.2.2. Жеке жұмыстануға жағдай жасау;

2.2.3. Әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өтуіне жағдай жасау;

## **3. Коворкинг орталығын басқару**

3.1. Жалпы жұмысын үйлестіретін «Жастар бастамасын дамыту» орталығының директоры;

3.2. Коворкинг орталығының тікелей жұмысын ұйымдастыратын «Парасат» ақпараттық білім беру орталығының директоры.

## **4. Жұмыстарды ұйымдастыруы**

4.1. Университет құрылымдық бөлімшелері үшін іс - шараларды ұйымдастыру тәртібі: уақыты мен күнін белгілеу үшін коворкинг орталығының қызметкерінен бос екендігін анықтап сұрау керек және ақпараттық стендке өтетін шараның атын алдын-ала ілу;

4.2. Іс-шаралар өткізген кезде ұйымдастырушы КО-ның құрал-жабдықтарының дұрыс сақталуын қамтамасыз етуге, техникалық қауіпсіздіктің талаптарының орындалуына жауапты;

4.3. Жеке жұмыс істеу аймағында ағымдағы газеттер мен көпшілікке арналған журналдардың жинақталуын қамтамасыз ету және келушілерге ашық қолжетімділікте ұсыну.

## **5. Коворкинг орталығына келу ережесі**

5.1. Келушілерге КО жұмыс жасап тұрған уақытында келіп, қызметтерін пайдалануға мүмкіндік жасалған;

5.2. Барлық келушілерге еркін кіруге болады, бірақ іс-шара өтіп жатқан кездегі уақытта шектеулер қойылады;

5.3. Келушілер тазалықты сақтап, соңында қоқыс қалдырмай жинап, жеке бұйымдарын ұмытпай, жұмыс орнын ретке келтіріп кету керек;

## 6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі. 23.11.2015 ж. № 414- V;

ҚР «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж. № 319 - III;

ҚР «Мәдениет туралы» Заңы. 15.12.2006 ж. № 207-III;

ҚР «Ғылым туралы» Заңы 8 ақпан 2011ж. № 407 - IV;

ҚР «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңы 11.07.1997ж. № 151- I;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410 -V;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері;

Университеттің ішкі тәртібі. СМЖ 08.ҚЕ.06;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар;

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы «Мемлекеттік білім ұйымдарының кітапхана қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» № 44 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы 2021 жылдың 13 мамырындағы № 211 бұйрығы.